

МКҚК «Шұғыла» бөбекжай-бақшасы

«Ауылға саяхатқа барамыз»
кіші топтар арасында ойын-сауық

Тәрбиеші: Кусмагамбетова У.Р.

Курмамбаева А.А.

2023-2024 оқу жылы

Мақсаты: Халқымыздың ұлттық ойындарының қалай қалыптасқандығы, оның атадан балаға, үлкеннен – кішіге мұра болып жалғасып отырғандығы туралы мағлұмат беру. Ата-бабамыздан бізге жеткен баға жетпес байлығымыз, асыл қазынамыз ұлттық ойын екендігін біліп өсуге, денсаулығын шыңдай түсуге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: асық, арқан, сюжетті суреттер, слайд

Ойын барысы:

Тәрбиеші: - Балалар бүгін біз сізбен бірге әженің ауылына келдік. Әжеміздің көжесін ішіп алған соң далаға шығып ойын ойнаймыз.

Тосын сый: Есіктің қағылған дыбысы естіледі, балалар елең етеді.

Қонаққа Алдар Көсе келеді.

Әже: Қош келдің Алдар! Төрлет!

Тәрбиеші: - Сәлеметсіз бе, Алдар аға бізге қонаққа қош келдіңіз, бүгін бізбен ұлттық ойындар ойнауға келісез бе?

Алдар: - Жақсы, жақсы. Байдан қашып жүрген едім. Оны бір алдап, бәсекелесіп мына бір қымбат, жылы шапаным киіп кетіп едім. Енді бүгін сендермен ойын ойнап, жасырына тұрайын деп келген едім.

Ойын: « Қыз қуу»

(Кенет аттың кісінеген дауысы естіледі)

Әже: - Балалар, бізге атбасын бұрып, біреу қонаққа келе жатқан секілді. Кім болды екен?

(Қонаққа бай келеді)

Бай: - Сәлеметсіңдер ме, балалар! Бүгін өздерің қандай әдемісіңдер. Бұл жерге мен қырық өтірікті көп айтатын Алдарды іздеп келдім. Ол менің шапанымды алып, қашып кетті. Оны көрмедіңдер ме?

Тәрбиеші: - Байеке, сәлеметсіз бе! Сіз бүгін бізге қош келдіңіз. Алдар аға бүгін бізде қонақта. Сізде қонақ болыңыз. Кішкентай бүлдіршіндерімізбен бірге ойын ойнап, қонақ болып қайтыңыздар.

Байеке: - Балалар, бүгін біз сендермен ұлттық ойындар ойнағымыз келіп тұр. Солай ма, Алдар Көсе?

Алдар Көсе: - Иә, Байеке. Екеуміз бүгін бәс тігейік. Қай бала жеңетін болса, сол балаға бәстескен заттарымызды қалдырып кетеміз. Жарай ма?

Байеке: - Жарайды.

(Алдар өзінің домбырасын ортаға қояды), (Бай өзінің қамшысын ортаға қояды)

Тәрбиеші: - Ал балалар, ойынымызды жалғастырып, өзіміздің бүгін мәрттігімізді көрсетейік.

Қазақтың ұлттық ойындарының бірі «Арқан тарту» ойыны.

Ойын шарты: Арқанның ортасынан қызыл матамен байлайды. Арқанның 2 жақ шетінен балалар ұстап тартады. Қай топ арқанды өз жағына тартып алса, сол топ жеңіске жетеді. Арқанды тартқан кезде 1 бала құлап қалса, құламаған топ жеңіске жетеді. Әрі қарай ойын осылай жалғаса береді.

2 - ойынымыз «Күш сынасу» Ойын шарты: Бұл ойын стол үстінде екі баланың білек сынасуымен орындалады. 2 бала шынтақтарын столға тірек қол бастарын аяқастырады. Кім білекті столға жықса сол бала жеңіске жетеді. Әрі қарай ойын осылай жалғаса береді.

3 – ойынымыз «Хан талапай»

Ойын шарты: Ойынды үлкендер мен кішілер қосылып та, тек балалар да ойнай береді. Ойынды екі адамнан бес адамға дейін ойнайды, онан көбейіп кетсе ойын қызықсыз болады.

Ойынға 21 асық қажет. Жиырма асық біркелкі, ал жиырма бірінші асық қалған асықтардан кішірек болғаны абзал. Осы кішірек асықты хан сайлайды. Басқа асықтардан ерекшеленіп тұруы үшін хан әдетте қынамен қызыл түске боялған болады.

4 – ші ойынымыз «Ақсерек пен Көксерек»

Ойын шарты: екі топ бір-бірінен алысырақ шамамен 15 қадам жерде қол ұстасып тұрады. Бірінші топтың балалары екінші топқа ақсерек-ау, ақ серек, бізден сізге кім керек? деп айтады. Сол кезде қарама-қарсы тұрған топ басшысы өздеріне керекті қарсыластарының арасынан біреуінің атын атайды. Ақсерек-ау, ақ серек, сізден бізге Марат керек.

5 – ші ойынымыз: «Көтермек»

Ойын шарты: Балалар шеңберге тұрады. Өз ерігімен сайысам дегендер екі бала ортаға шығады, бір-біріне құрамалар бойынша қарама-қарсы тұрады және қарсыласты өзінің арқасына көтеріп алуға тырысады. Ойын күшті дамытады. Қазақтардың салт-дәстүрі бойынша, бозбала тәрбиесімен ерлер айналысатын. Ұлдар ойындарында үлкендерге ұқсасып, олардың шаруашылық әрекеттерін жасайтын, ал қыздардың ойындарында тұрмыстық және отбасылық қатынастар көрінетін.

Тәрбиеші: - Бүгінгі ойынға Бай мен Алдар Көсе де, сіздерде жақсы қатыстыңдар. Сендер өте алғыр, шапшаң балалар екенсіңдер. Сондықтан сыйлықты барлығымызға берді. Топқа апарып бірге ойнаймыз. Бай мен Алдар бізбен қоштасқалы тұр. Алайда, сендермен олар қазақтың ұлттық биі «Қара жорғаны» билеп кетпекші. Олай болса, бәріміз «Қара жорға» биін билейік.

(Алдар мен Бай өздерінің бәстескен заттарын тастап, қоштасады)

Тәрбиеші: Әже сізге үлкен алғысымызды айта отырып, бізде бөбекжайға қайтайық. Сізге рахмет!



